6D030100 – «Құқықтану»мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы Муйденова Алия Калжановнаның диссертациялық жұмысына

ПІКІР

А.К.Муйденованың «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациясы шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарауды туындайтын азаматтық процестік қатынастарды зерттеу мен жалпы саралау мәселелеріне арналған.

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі, оның ғылым мен практика үшін маңыздылығы және байланысы

Зерттеу жұмысының өзектілігі соңғы уақыттағы интеграцияланған нарықтық экономика жағдайындағы Қазақстан Республикасында шетелдік тұлғалардың қатысуымен құқықтық қатынастардың көбеюімен айқындалған. Бұл халықаралық қатынастардың жылдам дамуымен, сондай-ақ еліміздегі экономикалық бесенділіктің жоғары көрсеткіштерімен байланысты.

Шетелдік тұлғалардың қатысуымен бірінші сатыдағы сот өндірісінде тиісті процессуалдық нормаларды сақтамауы мен бұзуы, сондай-ақ қажетті әрекеттерді жасамауы көп жағдайда сот шешімінің әділ болмауына алып келіп, кейінгі сатыларда олардың күшін жоюға негіз болып жатады.

Сондықтан да шетелдік тұлғалар қатысатын азаматтық сот өндірісіндегі шетелдік тұлғалардың құқықтық жағдайына, сондай-ақ мұндай істерді қараудың ерекшеліктеріне арнайы зерттеу жүргізу өзектілігі туындайды. Бұл өз кезегінде еліміздегі азаматтық істер бойынша сот төрелігін іске асырудың сапасын арттыратыны анық.

Шетелдік тұлғалардың қатысуымен сот ісін жүргізудің процестік нормаларын талдау нәтижесінде шетелдік элементпен азаматтық іс жүргізудің ұғымдық аппараты нақтылаумен және шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудың арнайы қағидаттар жүйесімен байланысты теориялық тұжырымдар негізделді.

Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешудің практикасын жетілдіруге байланысты ҚР Жоғарғы Сотының «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысын және «Шет мемлекеттердің иммунитеті туралы» Заңын, сондай-ақ шетелдік құжаттарды тану, босқындардың жеке заңын айқындау, ресми емес жазбаша дәлелдемелерді бағалау, шетелдік сот актілерін тану өлшемдерін біріздендіру бойынша құқықшығармашылыққа нақты ұсыныстар берілді. Осылайша диссертацияда алынған нәтижелер шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізу проблемасын талқылауда тек теориялық талқылауға үлес қосып қоймай, тікелей құқық қолдану практикасына енгізуге жарамды сипатқа ие болды.

2. Жұмыстың теориялық және тәжірибелік құндылығы.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасы құқық теориясы, халықаралық құқық, халықаралық жеке құқық, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу құқығы салаларындағы классикалық және заманауи ғылыми тұжырымдарға негізделген. Автор салыстырмалы-құқықтық, формальды-заңи, жүйелік-құрылымдық және доктриналық талдау әдістерін ұтымды ұштастыра отырып, зерттеу пәнін кешенді сипатта ашқан. Диссертациялық зерттеу нәтижелері алдағы уақытта азаматтық іске қатысушы субъектілердің субъектілік құрамы, азаматтық істерді қараудағы дәлелдеме мен дәлелдеу институты сияқты мәселелерді зерделеуге теориялық негіз бола алады.

Жұмыстың тәжірибелік құндылығы оның нәтижелерін сот практикасын біріздендіруде, ҚР АПК нормаларын жетілдіруде, сот органдар қызметінде, сондай-ақ жоғары оқу орындарында білім беру үдерісінде (әсіресе «Азаматтық іс жүргізу құқығы», «Халықаралық жеке құқық» пәндері бойынша) пайдалануға болатындығымен сипатталады.

3. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Ғылыми жұмыс диссертациялық ізденістің барлық талаптарына сәйкес келеді. Диссертацияның құрылымы үш бөлімге бөлінген және сәйкесінше әрбір бөлім өзара байланысқан сол бөлімнің мәнін ашатын бөлімшелерден тұрады, сондай-ақ олардың тақырыптары өзара құрылымдық байланысқа ие.

Бірінші бөлімде азаматтық сот өндірісіне шетелдік тұлғалардың қатысуының теориялық және құқықтық негіздері қарастырылды.

Шетелдік элементпен азаматтық сот ісін жүргізудің нормативтік-құқықтық негіздерін талдау нәтижесінде бүгінгі уақытқа шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешудің заңнамалық негізі қалыптасқан деген қорытынды жасап, шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық сот ісін жүргізудегі процедуралық мселелерді нақтылау мақсатында ҚР Жоғарғы Сотының «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешу кезінде заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысын қабылдауды ұсынды.

Диссертация шетелдік тұлғалардың қатысуымен жүргізілетін азаматтық сот ісін жүргізудің табиғаты жағынан халықаралық азаматтық процестің бөлінбес құрамдас бөлігі екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижесінде зерттеуде жалпы қағидаттармен қатар арнайы қағидаттар жүйесі қалыптастырылып, олардың сот тәжірибесіндегі ролі айқындалды.

Екінші бөлімде азаматтық сот өндірісіндегі «шетелдік» тұлғалар ұғымының дәртүрлі тар түсініктен кең және сан қырлы құқықтық категория екені негізделді. Диссертациялық жұмыста «шетелдік тұлға» категориясы нақты жіктеліп, оны жіктеудің практикалық қажеттілігі негізделіп, олай болмаған жағдайдағы процестік салдары талданды.

Зерттеу барысында ҚР АПК-нің 5-тарауының атауына қатысты қазақ тіліндегі терминологиялық сәйкессіздік те айқындап, 5-тараудың қазақ тіліндегі

атауын «Іске қатысатын тұлға» деп өзгерту ұсынды, бұл теориялық жағынан да, практикалық жағынан да негізді деп танылды.

Жұмыстың маңызды нәтижелерінің бірі босқындардың азаматтық процестегі мәртебесін нақтылау қажеттігін дәлелдеу болды.

Осыған байланысты диссертацияда ҚР АПК-нің 473-бабының 1-тармағына «Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен босқындардың азаматтық процеске қабілеттілігі олардың жеке заңы бойынша айқындалады» деген өзгеріс енгізу, сондай-ақ бапты 4-1 тармақпен: «Босқындардың жеке заңы – ол тұрғылықты тұратын жері бар мемлекеттің заңы, ал олай болмаған жағдайда оның әдетте пана сұраған мемлекеттің заңы жеке заңы болып есептеледі» деген редакцияда толықтыру ұсынылды. Бұл ұсыныс адам құқықтарын халықаралық қорғау стандарттарын ұлттық процестік заңнамамен үйлестіруге бағытталған.

Үшінші бөлімде салыстырмалы талдау шет мемлекеттердің соттық иммунитетін реттеуде Қазақстан Республиккасының азаматтық процестік заңнамасы көршілес құқықтық жүйелермен салыстырғанда мазмұнды әрі заманауи шешімдерге ие екенін көрсетті.

Зерттеу барысында шет мемлекет иммунитеті институтына қатысты теориялық тұжырымдарды қалыптасты. Осы орайда, ҚР АПК сәйкес шет мемлекеттер шектеулі соттық иммунитетті иеленеді деген тұжырым негізделді. Осы себепті «Шет мемлекеттердің иммунитеті туралы» арнайы заң қабылдау туралы ұсыныс құқықтық жүйелеудің объективтік қажеттілігі ретінде дәлелденді. Мұндай заңның қажеттілігі тек теориялық бірізділікпен шектелмейді, ол практикалық тұрғыдан да өзекті.

Диссертацияда дәлелдеу институты да терең зерттеліп, шетелдік жазбаша дәлелдемелердің құқықтық табиғаты мен оларды бағалау стандарттары бойынша маңызды қорытындылар жасалған.

Сонымен қатар, шетелдік құжаттарды сотта жазбаша дәлелдеме ретінде тану мәселесі диссертацияда арнайы нормашығармашылық ұсыныс деңгейінде шешімін тапты. Осы тұрғыда ҚР АПК-нің 100-бабын 7-тармақпен толықтыру ұсынылады және оның редакциясын ұсынылды.

Диссертацияда «шетелдік сот шешімін тану» мәселесіне қатысты ұсыныстары мен тұжырымдар зерделеген.

4. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық іс жүргізудің процессуалдық ерекшеліктері алғаш рет диссертациялық деңгейде зерттелуінен көрінеді. Шетелдік тұлғалардың азаматтық сот өндірісіне қатысуының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу жүргізу нәтижесінде жиынтығында тәжірибелік және теориялық маңызға ие болатын арнайы қағидаттардың авторлық классификация әзірленді. Мұндай қағидаттардың жеке топтастырылуының маңызы шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен іс бойынша шешім қабылдауда ғана қолданылатындығында. Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мен шешім қабылдаудағы қағидаттарды жүйелеу мен нақтылау дұрыс әрі әділ шешімді ақылға қонымды мерзімде шығару мен орындауда аса қажет. Автор құжаттарды, дәлелдемелерді ұсыну мен тануға, хабарламаны табыстау

мен шешімдерді орындауға т.б. қатысты ҚР АПК-нде бекітілген нормаларды шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істі қараудағы ерекшеліктерді ескере отырып өзгерту, толықтыру, кейбір нормаларды алып тастау туралы ғылыми негізделген ұсыныстар берген. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы ізденушімен қорғауға ұсынылған тұжырымдарда айқындалған.

5. Диссертациялық жұмысты жазудағы ізденушінің өзіндік жұмыс жасауы.

Диссертациялық жұмыста докторант А.К. Муйденова өзінің алдына нақты мақсат қойып, оны жүйелі әрі ғылыми негізде тұжырымдама жасап, ойын нақты жеткізе білген. Зерттеу жұмысымен таныса отырып оның авторы тарапынан тек қана осы бағыттағы заңнамалық және теориялық материалдарды пайдаланып қоймай, оларға қатысты өзінің көзқарасы мен пікірін, ой-тұжырымдарын, қорытындыларын бере алғанын көруге болады.

Жалпы алғанда, шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау мәселесіне жүргізілген ғылыми еңбектердің саны жеткілікті деп айта алмаймыз. Сондықтан да диссертация жұмысының ең маңызды тұсы - тұжырымдалған қорытындылар мен ұсынымдардың шетелдік тұлғалармен азаматтық сот ісін қарауды жетілдіруде ғана емес, жаңа кезеңге қадам басқалы тұрған мемлекетіміздің азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымы жетілдіруде, сол арқылы азаматтық процесте бірізді процестік әрекеттерді қалыптастыру тұрғысынан, жалпы адам құқығы тұрғысынан да талданып, сараланып түсіндірілгендігінде деп ойлаймыз. Яғни, еңбек авторы бұрындары бір бағытта ғана зерттеліп келген мәселені азаматтық іс жүргізу құқығының жекелеген институты бағытында зерттей отырып, оның нәтижелерін құқықшығармашылықта пайдалануға, сол арқылы азаматтық процестік заңнама мен сот практикасын жетілдірудің мүмкіндіктерін айқындай білген.

Диссертациялық зерттеу барысында А.К.Муйденова өзін тәжірибелі зерттеуші, мәселені және оны шешу шараларын нақты тұжырымдай алатын, мақсаттар мен міндеттерді, шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қараудың процессуалдық ерекшелерін анықтай алатын білікті маман ретінде көрсетті. Зерттеуші докторанттың аналитикалық қабілеттерін, оның проблемаға терең енуге деген ұмтылысын және зерттелетін мәселенің мәнін, оның шығармашылық ойлауын, мәселенің шешімін іздеудегі тәуелсіздігін атап өткен жөн.

6. Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі.

Диссертациялық жұмысты жазу кезінде анықталған ғылыми ұсыныстар мен қорытындылар, ережелер халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланып, апробациялаудан өтті.

Диссертация І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқықтық пәндер кафедрасының базасында орындалып, талқылаудан өтті. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми ұсыныстары

ғылыми басылымдарда 8 ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Оның ішінде, 4 мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін басылымда, 3 мақала ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдарында және өзге басылымдарда жарияланды.

7. Ұсыныс

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Муйденова Алия Калжановнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Шетелдік тұлғалардың қатысуымен азаматтық істерді қарау: қазіргі жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, қойылған талаптарға толық сәйкес келеді дей отырып қорғауға жіберуді ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті құқықтық пәндер
кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты **Б.А.Сериев**

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ
Қолы
РАСТАЙМЫН

КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ